

## **Ғылыми көңесшінің пікірі**

8D07302 – «Сәulet және қала құрылышы» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған

Satbayev University PhD докторанты

Альмукашева Дина Букенбаевнаның

**«Қазақстанның ірі қалаларға арналған сәулеттік дизайн кодтардың қалыптасу принциптері»** атты диссертациялық жұмысына.

Қазіргі заманғы қалалардың проблемалары кең ауқымды әрі көптеген аспектілер мен факторларға ие. Олардың көпшілігі урбанизация процестерінің күшеюімен тікелей байланысты, бұл жылдар бойы қордалған мәселелерді одан әрі құрделендіреді. Егер оларды жіктеуге тырыссақ, маңызды бір қабаты қалалық ортаның әртүрлі деңгейлерінің орналасуына байланысты проблемалардан тұрады: адамнан бастап оның айналасындағы үлкен архитектуралық құрылымдарға, соның ішінде ландшафттық элементтерге дейін. «Қалалық тін» ұғымына кіретін осы барлық қабаттар зерттеу нысаны болып табылады, себебі олар архитектуралық дизайн кодтарының мәнін құрайды.

Ұсынылған зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығы қалаларды тек шартты тұрғындар тобы үшін ғана емес, әрбір адам үшін де жайлы әрі дара түрде қалыптастыру мүмкіндігін көрнекі түрде көрсетуінде. Бұл зерттеу қалалық кеңістіктің әрбір, тіпті ең кіші элементі де егжей-тегжейлі және жеке тәсілмен жобалануы тиіс деген тұжырымды алға тартады. Тек осындай тәсіл арқылы қалалар тұрақты дамуға қол жеткізіп, мәдени және тарихи ерекшеліктерін ескеріп, өзіне тән келбетке ие бола алады.

Диссертацияның теориялық базасы ғылыми жұмыстың негізгі аспектілерін қамтитын отандық және шетелдік ғалымдардың кең ауқымды зерттеулеріне негізделген: қалалық орта мен урбанистиканы қабылдау ерекшеліктері, кеңістіктік ұйымдастыру мәселелері, қалалардың әлеуметтік проблемаларын зерттеу және оларды реттеу әдістері, қоғамдық кеңістіктерді қалыптастыру мен жетілдірудің сәулет-қала құрылышы аспектілері. Осы талдаудың негізінде автор жайлы қалалық ортаны қалыптастырудың принциптерін айқындалап, нақтылап және жүйелеп берді. Қалалық жүйелерді әртүрлі деңгейде кодтаудың практикалық тәжірибесі жан-жақты зерттелді.

Диссертациялық жұмыс аясында Алматы қаласының нақты аумағында, зерттеліп отырған қалалардың ішіндегі ең іріңі ретінде, пәндік-кеңістіктік ортаны ұйымдастырудағы өзекті проблемаларды анықтау мақсатында социологиялық зерттеу жүргізілді. Оның нәтижесінде қалалық кеңістіктің проблемалық элементтері жіктеліп, оларды шешуге арналған ұсыныстар қамтылған кесте жасалды. Сонымен қатар, жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері зерттеліп отырған аумақтағы жаяу жүргіншілер кеңістігінің тиімділігін бағалауға негіз болды.

Бұдан басқа, Алматы қаласында салынып жатқан күрылым фрагменттеріне қысқаша түс схемалары мен талдау жасалды. Тұжырымдамалық модельді әзірлеу барысында Астана қаласындағы Байтұрсынов көшесінің нақты участкесіндегі 10-нан астам нысан, көше және қоғамдық алаңдар зерттелді. Бұл заттай зерттеулер негізінде Қазақстан қалаларында дизайн-кодты қолдана отырып, аула кеңістігін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар әзірленді.

Зерттеу нәтижесінде қалалық ортаны жоспарлаудың негізгі принциптері тұжырымдалды. Архитектуралық дизайн коды негізінде тұжырымдамалық модель әзірленіп, ол Алматы қаласының қалалық ортасының бір фрагментіне қолданылды.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында Дина күрделі және әртүрлі мәселелерді жүйелі әрі дәйекті түрде шеше алатын терең ойлы зерттеуші ретінде танылды. Ғылыми жұмыс автордың көптеген сыйбалары мен иллюстрацияларымен толықтырылған, бұл Д. Альмукашеваның графикалық және визуалды мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері «Алматыгенплан» ғылыми-зерттеу институтының Алматы қаласына арналған архитектуралық дизайн-код жобасына енгізілді.

Диссертация тақырыбы бойынша 4 мақала жарияланған, олардың ішінде 3 мақала — Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 1 мақала — Scopus дерекқорына кіретін, «Civil Engineering and Architecture» халықаралық ғылыми журналында (Architecture бағыты бойынша — 70% процентиль, квартиль — Q2) жарық көрген.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Д.Б. Альмукашеваның «Қазақстанның ірі қалаларға арналған сәулеттік дизайн кодтардың қалыптасу принциптері» атты диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми-практикалық деңгейде орындалған және оның авторы 8D07302 – «Сәулет және қала күрылымы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеледі.

Ғылыми кеңесші,  
сәулет кандидаты,  
«Сәулет» кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры  
К. И. Сәтбаева атындағы ҚазҰТЗУ.



Г.Д. Мауленова

## ОТЗЫВ

### научного консультанта

на диссертационную работу PhD докторанта Satbayev University АЛЬМУКАШЕВОЙ ДИНЫ БУКЕНБАЕВНЫ «**Принципы формирования архитектурных дизайн-кодов крупных городов Казахстана**», представленную на соискание ученой степени доктора PhD по образовательной программе 8D07302 – «Архитектура и градостроительство»

Проблемы современных городов имеют большой диапазон и огромное количество аспектов и факторов влияния. Многие из них напрямую связаны с усиливающимися процессами урбанизации, масштабирующими существующие годами проблемы. Если попытаться их классифицировать, то существенный пласт их составляют проблемы, связанные с обустройством различных слоев городской среды: от человека – до окружающих его поверхностей больших архитектурных объемов, включая ландшафтные структуры. Все эти слои «средовой ткани» являются объектами данного исследования, поскольку они и составляют суть архитектурных дизайн кодов.

Актуальность и ценность представленного исследования состоит в наглядной демонстрации того, что города можно создавать не только для условных единиц населения, но и для каждого человека в отдельности. Исследование убеждает нас в том, что каждый, даже небольшой фрагмент городского пространства должен быть детально и индивидуально разработан, и только это позволит городам обрести свой узнаваемый облик с учетом устойчивого развития и культурных и исторических особенностей.

Теоретическая база диссертации представлена обширным массивом исследований отечественных и зарубежных ученых по наиболее важным аспектам научной работы: особенности восприятия городской среды и урбанистике; вопросы пространственной организации; методы изучения и регулирования социальных проблем городов; архитектурно-градостроительные аспекты формирования и улучшения общественных пространств. На основе проведенного анализа автором выявлены, уточнены и сформулированы принципы формирования комфортной городской среды. Достаточно подробно изучен практический опыт кодирования городских систем различного уровня.

В рамках подготовки диссертационной работы были проведены социологические исследования с целью выявлению наиболее острых проблем в организации предметно-пространственной среды конкретного участка города Алматы, как наиболее крупного города из исследуемых. На основе этого исследования составлена таблица, включающая в себя классификацию элементов городского пространства с выявленными проблемами и рекомендациями для их решения. Также, результатом проведенного

социологического опроса стали данные по оценке эффективности функционирования пешеходных пространств на исследуемом участке.

Кроме того, составлены краткие цветовые схемы и анализ по фрагментам существующей застройки в городе Алматы. В процессе создания концептуальной модели было обследовано более 10 объектов, улицы и общественные площадки, находящиеся на рассматриваемом участке ул. Байтурсынова в городе Астане. На основе натурных исследований, были также разработаны рекомендации по организации дворовых пространств с применением дизайн-кода для городов Казахстана.

В результате проведенного исследования представлены основные принципы планирования городской среды на основе дизайн кода. Разработана концептуальная модель на основе архитектурного дизайн кода, и применение этой модели на фрагменте городской среды Алматы.

За время работы над диссертацией Дина показала себя глубоким ученым, умеющим системно и последовательно решать сложные и разноплановые задачи. Текст научного исследования сопровождается большое количество схем и рисунков автора, что, помимо прочего, говорит о высоком уровне графической и визуальной культуры Альмукашевой Д.

Результаты научно-исследовательской работы внедрены в проект ТОО «Научно-исследовательский институт «Алматыгенплан» при разработке архитектурного дизайн-кода для города Алматы.

По теме диссертации опубликовано 4 статьи, в том числе 3 статьи в изданиях, рекомендуемых Комитетом по обеспечению качества в сфере науки и высшего образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан; 1 статья – в международном научном издании «Civil Engineering and Architecture», входящем в базу данных компании Scopus (по направлению Architecture – 70 % процентиль, quartile – Q2).

На основе вышесказанного можно считать, что диссертационная работа Альмукашевой Д.Б. «Принципы формирования архитектурных дизайн кодов крупных городов Казахстана» выполнена на высоком научно-практическом уровне, а ее автор достойна присуждения искомой научной степени доктора философии (PhD) по образовательно программе 8D07302 – «Архитектура и градостроительство».

Научный консультант,  
кандидат архитектуры,  
ассоциированный профессор  
кафедры «Архитектура»  
КазНИТУ им. К.И.Сатпаева



Г.Д. Маулена